

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің №5 «Ақбота» балабақшасы МКҚК  
Кезектен тыс педагогикалық кеңес  
ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы

20 желтоқсан 2021 жыл

Қатысқаны: 40 адам.

Тақырыбы: Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бұйрығымен бекітілген кестеге сәйкес мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «№5 «Ақбота» балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу

**Күн тәртібі:**

1. 2020 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесімен және Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен танысу.
2. Бағалау өлшемшарттарына сәйкес «№5 «Ақбота» балабақшасының өзін-өзі бағалауды өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту.
3. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспарын бекіту.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.А.Жолбарысова сөйледі. Біздің бүгінгі жиналуымыздың себебі ақпан айында №5 «Ақбота» балабақшасында 2021-2022 жылға арналған мемлекеттік аттестаттау кестесіне сәйкес өзін-өзі бағалауын өткізу жоспарланған. Біздің алдымызда өте үлкен жауапкершілік тұр.

- Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мынадай қорытындылардың бірі беріледі:

- 1) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына толық сәйкес келген жағдайда, аттестатталды;
- 2) білім беру ұйымының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, аттестатталмады. Сонымен қатар, білім беру заңнамасымен бірге Білім министрлігі әдістемелік ұсынымдармен бағалау өлшемшарттарын әзірледі («Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» 26.07.2021 жылы №366 бұйрығы және ҚРБҒМ Білім және ғылым саласында сапасы қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 10.09.2021 жылы №700 бұйрығы). Ары қарай ҚР БҒМ 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен бекітілген өлшемшарттармен таныстырды. Біз осы құжаттарға сүйеніп балабақшаның өзін-өзі бағалауын дайындаймыз. Сол себепті өлшемшарттардағы талаптарды орындау мақсатында кешенді жоспар құрылып жұмыстар жүргізілуі қажет.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалау жүргізу үшін комиссия құру керек. Ұсыныстар енгізуді сұраймын.

Әдіскер Р.Т.Намазбаева әдістемелік ұсынымға сәйкес комиссия төрағасына балабақшаның меңгерушісін ұсынды. Ж.М.Абдикаримова –тәрбиеші: инновация әдіскері В.Е.Каренееваны, педагог-психолог А.Ю.Куандыкованы, әдіскер Р.Т.Намазбаеваны, тәрбиеші Ж.М.Абдикаримованы ұсынамын. Педкеңеске қатысушылар комиссия мүшелерінің құрамына бірауыздан келісті.

Сөйледі:Әдіскер Р.Т.Намазбаева балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспарымен таныстырды.

### Шешімі:

1.Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастырып өткізу жөнінде келесі құрамда комиссия құрылсын:

М.А.Жолбарысова –комиссия төрағасы  
Мүшелері:

В.Е.Каренеева –инновация әдіскері

А.Ю.Куандыкова –педагог-психолог

Ж.М.Абдикаримова -тәрбиеші

Р.Т.Намазбаева –әдіскер

Бірауыздан келісті.40 адам.

«Қарсы»-жоқ

«Қалыс»- жоқ

2. Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша іс-шара жоспары бекітілсін. Бірауыздан келісті.40 адам.

«Қарсы»-жоқ

«Қалыс»- жоқ

3.2022 жылдың 31 қаңтарына дейін комиссия өзін-өзі бағалау қорытындысын педагогикалық кеңесте білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының назарына жеткізсін және нәтижелері бойынша камқоршылық кеңес алдында есеп берсін.



М.А.Жолбарысова

К.А.Серкебаева